



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 13 қыркүйек

Өтінім беру үшін онлайн платформасын пайдалану мүмкіндігі сақтандыру компанияларының өңірлердегі клиенттеріне сақтандыру омбудсманы қызметтерін қолжетімді етеді

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 166-VI Заңында (бұдан әрі – Заң) сақтандыру омбудсманы жұмысындағы жаңалық бөлігінде түзетулер енгізілді.

Отандық сақтандыру нарығындағы дауларды реттеудің балама институты ретінде сақтандыру омбудсманы ұсынылды. Сақтандыру омбудсманы – сақтандыру нарығының қатысушылары арасындағы келіспеушіліктерді реттейтін, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға. Сақтандыру компаниясы белгілеген шығын мөлшерімен немесе сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімімен келіспеген жағдайда, азаматтар мен заңды тұлғалар сотқа не сақтандыру омбудсманына жүгіне алады.

Сақтандыру омбудсманы институты сақтандыру дауларын сотқа дейінгі реттеу институты ретінде қалыптасты: 10 жыл бойы 2 мыңнан астам өтініш қаралды, оның шешімінің 2%-ына сотқа шағым жасалды, бұл ретте сот оның барлық шешімін дерлік өзгеріссіз қалдырды.

Заң күшіне енгенге дейін сақтандыру омбудсманының өкілеттігі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бойынша жеке тұлғалардың өтініштерін қараумен шектелген болатын.

Заң күшіне енген сәттен бастап сақтандыру омбудсманының өкілеттіктері сақтандырудың барлық қалған түрлеріне (сыныптарына) қолданылады. Сақтандыру омбудсманы сақтандыру компаниясының клиенттері ретінде жеке тұлғалар немесе шағын кәсіпкерлік субъектілері болатын сақтандыру шарттарынан туындайтын келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асырады. Заңды тұлғалар көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыныбы бойынша ғана сақтандыру омбудсманына жүгіне алады.

Клиенттердің келіспеушіліктері бойынша талаптар сомалары 10 мың айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Бұдан басқа, Заңда сақтандыру шарттарынан туындайтын дауларды реттеу тәртібі айқындалған. Сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде клиент талаптарды көрсете отырып, және растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сақтандыру омбудсманына жазбаша өтініш жіберуге құқылы.

Сақтандыру омбудсманына тікелей, сондай-ақ сақтандыру компаниясы (оның ішінде сақтандыру компаниясының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурсы) арқылы жүгінуге болады. Клиенттер сақтандыру омбудсманына «Сақтандыру дауларын реттеудің онлайн

жүйесі» онлайн платформасы <http://www.insurance-ombudsman.kz>. арқылы өз талаптарын көрсете отырып жібере алады.

Өз кезегінде сақтандыру компаниясы клиенттен сақтандыру омбудсманының атына өтініш алған кезде оларды алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде осы өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге міндетті.

Клиент сақтандыру омбудсманының атына тікелей өтініш білдірген кезде сақтандыру компаниясы клиенттің не сақтандыру омбудсманының сұратуы бойынша дауға тікелей қатысы бар құжаттарды сұрату алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

Заңда сақтандыру омбудсманына ақпаратты ресми интернет-ресурста міндетті орналастыру бойынша белгілі бір талаптар қойылады. Сақтандыру омбудсманының сайтқа ақпаратты жариялауы сақтанушылар тарапынан оған деген сенімін арттыру үшін қажет, осылайша сақтандыру омбудсманы қызметінің ашықтығы қамтамасыз етіледі.

Клиент өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тікелей сотқа жүгінгеннен гөрі сақтандырудың барлық сыныптары бойынша келіспеушіліктерді реттеу бойынша сақтандыру омбудсманының өкілеттіктерін кеңейтетін заңнамалық жаңалықтар бұл дауларды реттеу процесін айтарлықтай жеделдетуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде, өтінім беру үшін онлайн платформаны пайдалану мүмкіндігі сақтандыру компанияларының өңірлердегі клиенттеріне сақтандыру омбудсманының қызметтерін қолжетімді етеді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz